

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Қазақ тілі мұғалімдері: Б.А.Касымова, Б.Н.Беркамалова

- «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйуін түйгенінше айтуға жарау. Айта білетін адам табылса, тіл пайдалануға әрқашан жарайды. Тек айта білетін адам табылуы қиын»

Ахмет Байтұрсынұлы

XX ғасыр мектебінің мақсаты жас жеткіншектерді жауапкершілік мәдениеті қалыптасқан, өмірге икемді , ұлтжанды тұлға қалыптастыру. Бүгінгі күннің ең негізгі мәселесі болып отырған

жағдай оқушылардың ойын оқумен жазуға сын тұрғысынан ойлауды дамыта оқыту жүйесін қолға алу.

СТО сынауға емес, шыңдалған ойлауға үйрету.

Мақсаты:

Тыңдаушылардың СТО-ы арқылы өзіндік пікір айту, әр түрлі жағдаяттарды шешу, ой-қозғауын өз тәжірибесінде пайдаланып, шығармашылығын дамытуға ықпал ету

- "Мен шәкірттерімді ешқашан да үйретпеймін, мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын." (А.Эйнштейн) деген сөзді негізге ала отырып, оқушылардың өздері әрекет етуіне сыни тұрғыдан ойлануы маңызды деп ойлаймын. Сын тұрғысынан ойлау ой жүгірту, тұжырым жасау немесе проблеманы шешу үдерісі жүрген барлық жағдайларда, яғни неге сенуге болады, не істеу керек және бұрын ойластырылған әрі рефлексивтік тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау қажет болған жағдайлардың барлығында орын алады.

- **Сыни тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың сөйлеу деңгейі жоғарылайды, және де ой ұшқыр демекші оқушылардың ойлау мүмкіндіктерін қолдана білу керек. Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік.**

Сын тұрғысынан ойлау әдістері

- ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЯТУ

- ой шақыру

- ой қозғау

- мағынаны тану

- ой толғаныс

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ- бірінші кезең

“Топтау”

“Түртіп алу”

“Жұпта талқылау”

“Ойлану”

“Болжау”

“Әлемді шарлау ”

Мағынаны тану (түсіне білу)- екінші кезең

Жаңа ақпаратпен танысып, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады.

INSERT. (түртіп алу)

V – “білемін”

— - “мен үшін түсініксіз”

+ - “мен үшін жаңа ақпарат”

? – “мені таң қалдырады”

•ЖИГСО

•Т.б.

Ой-толғаныс – үшінші кезеңі.

Оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді.

Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады.

Ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады.

- **“Бес жолды өлең”**
- **“Венн диаграммасы”**
- **“Еркін жазу”**
- **“Семантикалық карта”**
- **“Т кестесі”**

- СТО бағдарламасында алпысқа жуық стратегиялар бар:

- 1. Негізгі ойды суреттеу
- 2. Топтастыру
- 3. Бес жол өлең
- 4. Эссе жазу
- 5. Болжам кестесі
- 6. Галереяға саяхат
- 7. РАФТ
- 8. Блум жүйесі
- 9. ЖИГСО - 1
- 10. ЖИГСО - 2
- 11. Қазымыр оқушы
- 12. Автор орындығы
- 13. Инсерт
- 14. Венн диаграммасы

15. Кубизм
16. Бағытталған оқу
17. Кідіріспен оқу
18. Әдебиет үйірмесі
19. Жол қалдырып жазу
20. Қос жазба күнделік
21. Авторға сұрақ қою
22. Үш қарамды сұхбат
23. Әлемді шарлау
24. Ой қозғау
25. Оқиға желісі

**СТО арқылы оқушы
санасын сол тақырыпқа
байланысты ой шақыру,
тұжырымдау, пікірлесу,
топтасу, сұрақтарға жауап
іздеу сабақта
оқушылардың ынтасын
арттырады .**

**Мысалы ретінде ,қазақ халқының
көрнекті қайраткері – Ахмет
Байтұрсыновтың Крыловтан аударған
аудармасы «Аққу, шортан, һәм
шаянын» алайық.**

I кезең

**Қызығушылықты ояту мақсатында
оқушылар аққу, шортан және шаян
туралы білетіндерін дәптерлеріне
жазады. Аққу- киелі құс, атуға
болмайды. Шортан- балық, шаян-
жәндік.**

II кезең
Мағынаны тану
бұл кезеңде жаңа ақпаратпен
танысады.

 **Мәтінмен жұмыс (инсерт)**

 - бұл мысалды білемін
- һәм сөзі өзгеше

 - үшеуі үш жаққа тартады

 - мысалдың түпкі ойын білгім келеді

Ой-толғаныс – үшінші кезеңі

Мысалдағы аққу, шортан мен шаянның бірліксіз тірлік жасағанын ,сол сәт қатты әсер еткенін, егер бірлесіп жұмыс жасағанда ойлаған армандарына жететін еді- деп жазған оқушылар да бар. Кейбір оқушылар бірлесіп жұмыс жасау керек еді, сонда «Бірлік түбі-береке»деп, мақалды еске түсіреді.

Бұл технологияның тиімді жақтары:

- Мұғалімге тәуелділіктен арылып, білім беру қызметін өздері басқарады.
 - Білімнің маңыздылығын түсініп, іс-әрекетті белсене орындайды
 - Жеке ерекшілігі мен қабілетіне сай тапсырмаларды өзі таңдайды
- Құр мәлімет алумен шектелмей, өз пікірін ашық айтады т.б.